

Қаратөбе аудандық мәслихатының 2018 жылғы 21 желтоқсандағы № 24-4 "2019-2021 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе аудандық мәслихатының 2019 жылғы 7 маусымдағы № 31-2 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 10 маусымда № 5708 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе аудандық мәслихатының 2020 жылғы 25 ақпандағы № 39-2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе аудандық мәслихатының 25.02.2020 № 39-2 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қаратөбе аудандық мәслихатының 2018 жылғы 21 желтоқсандағы № 24-4 "2019-2021 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5484 тіркелген, 2019 жылғы 9 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. 2019-2021 жылдарға арналған аудандық бюджет 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2019 жылға келесі көлемде бекітілсін:

1) кірістер – 4 150 159 мың теңге:

салықтық түсімдер – 292 624 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 3 691 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 54 мың теңге;

трансферттер түсімі – 3 853 790 мың теңге;

2) шығындар – 4 158 234 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 36 250 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 71 962 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 35 712 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;
5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 44 325 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 44 325 мың теңге;

қарыздар түсімі – 71 962 мың теңге;
қарыздарды өтеу – 35 712 мың теңге;
бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 8 075 мың теңге.";

3-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) 2019 жылға арналған аудандық бюджетте берілген республикалық бюджеттен бөлінетін нысаналы трансферттердің және кредиттердің жалпы сомасы – 949 450 мың теңге ескерілсін, оның ішінде:

мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысын көтеруге – 17 695 мың теңге;

ең төменгі жалақы мөлшерінің өзгеруіне байланысты азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге – 468 357 мың теңге;

бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарының мұғалімдері мен педагог-психологтарының еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға – 165 138 мың теңге;

төмен ақы төленетін қызметкерлердің жалақысының мөлшерін көтеру үшін олардың салықтық жүктемесін төмендетуге байланысты шығасыларды өтеуге – 25 133 мың теңге;

мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету нормаларын ұлғайтуға – 2 304 мың теңге;

ымдау тілі маманының қызмет көрсетуге – 401 мың теңге;

жалақыны ішінара субсидиялауға – 8 215 мың теңге;

жастар практикасына – 29 164 мың теңге;

техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар тізбесін кеңейтуге – 1 094 мың теңге;

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге – 125 902 мың теңге;

халықты жұмыспен қамту орталықтарына әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультанттар мен ассистенттерді енгізуге – 5 300 мың теңге;

жаңа бизнес идеяларды жүзеге асыруға берілетін мемлекеттік гранттарға – 28 785 мың теңге;

мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға кредит беруге – 71 962 мың теңге.";

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) 2019 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен бөлінетін нысаналы трансферттердің жалпы сомасы – 248 908 мың теңге, соның ішінде:

Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы, Қаратөбе ауылында бір қабатты әкімшілік ғимаратының құрылысы – 117 760 мың теңге;

Батыс-Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы, Қаратөбе ауылы, "Темірауыл-2" тұрғын кешеніндегі 67 бірпәтерлі тұрғын үйлердің құрылысы (сыртқы инженерлік желілерсіз және абаттандырусыз) – 14 120 мың теңге;

жұмысшы кадрларды еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіптер және дағдылар бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқу – 16 188 мың теңге;

эпизотияға қарсы іс-шараларды өткізуге – 5 256 мың теңге;

жұмысқа орналастыру бойынша жеке агенттіктерге – 142 мың теңге;

жаңартылған білім беру мазмұнына 1, 4, 9, 10 сыныптардың және мектеп алды даярлық тобының көшуіне байланысты аудан мектептеріне кітаптар және оқу - әдістемелік кешендерді сатып алуға – 67 187 мың теңге;

"Виртуалды лаборатория" порталына жазылуға және мұғалімдерге тренингке қатысуға – 2 500 мың теңге;

NEET санатындағы жастарға және табысы аз көпбалалы отбасыларға, табысы аз еңбекке қабілетті мүгедектерге жаңа бизнес-идеяларды жүзеге асыру үшін гранттар – 22 725 мың теңге;

жастар практикасына – 3 030 мың теңге.";

аталған шешімнің 1 және 5-қосымшалары осы шешімнің 1 және 2-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Аудандық мәслихат аппаратының басшысы (Ж.Жангазиев) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қаратөбе аудандық
мәслихатының 2019 жылғы
7 маусымдағы № 31-2 шешіміне
1-қосымша
Қаратөбе аудандық
мәслихатының 2018 жылғы
21 желтоқсандағы № 24-4
шешіміне 1-қосымша

2019 жылға арналған аудандық бюджет

Санаты				Сомасы , мың теңге
	Сыныбы			
		Ішкі сыныбы		
			Атауы	

1	2	3	4	5
			1) Кірістер	4 150 159
1			Салықтық түсімдер	292 624
	01		Табыс салығы	100 488
		2	Жеке табыс салығы	100 488
	03		Әлеуметтік салық	138 469
		1	Әлеуметтік салық	138 469
	04		Меншікке салынатын салықтар	51 994
		1	Мүлікке салынатын салықтар	40 174
		3	Жер салығы	1 045
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	9 200
		5	Бірыңғай жер салығы	1 575
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	453
		2	Акциздер	277
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	56
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	120
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	1 220
		1	Мемлекеттік баж	1 220
2			Салықтық емес түсімдер	3 691
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	1 626
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	1 626
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	930
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	930
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	1 135
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	1 135
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	54
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	54
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	54
4			Трансферттердің түсімдері	3 853 790
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	3 853 790
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	3 853 790
Функционалдық топ				

Функционалдық кіші топ					Сомасы
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі					, мың
Бюджеттік бағдарлама					теңге
Атауы					
1	2	3	4	5	6
				2) Шығындар	4 158 234
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	428 295
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	227 126
		112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	26 786
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	26 610
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	176
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	94 369
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	94 369
		123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	105 971
			001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	105 971
2				Қаржылық қызмет	384
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	384
			003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	384
9				Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	200 785
		454		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі	18 524
			001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	18 524
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	18 905
			001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14 905
			013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4 000
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	45 216
			001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	21 271
			113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	23 945
		466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	118 140
			040	Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту	118 140
02				Қорғаныс	8 753

1		Әскери мұқтаждар	6 253
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	6 253
	005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	6 253
2		Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	2 500
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	2 500
	006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	2 000
	007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	500
03		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	800
9		Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік саласындағы басқа да қызметтер	800
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	800
	021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	800
04		Білім беру	2 346 216
1		Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	62 708
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	62 708
	009	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	62 708
2		Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	2 113 090
	457	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	43 859
	017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	43 859
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	2 069 231
	003	Жалпы білім беру	1 951 184
	006	Балаларға қосымша білім беру	118 047
9		Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	170 418
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	170 418
	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10 007
	004	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	14 420
	005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	88 787
	007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	308
	015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	2 243
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	54 653

05			Денсаулық сақтау	369
	9		Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер	369
		123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	369
		002	Шұғыл жағдайларда сырқаты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына дейін жеткізуді ұйымдастыру	369
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	408 655
	1		Әлеуметтік қамсыздандыру	138 682
		451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	134 616
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	134 616
		464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	4 066
		030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	4 066
	2		Әлеуметтік көмек	249 890
		451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	249 890
		002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	133 436
		006	Тұрғын үйге көмек көрсету	1 500
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	38 000
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	698
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	30 369
		017	Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну	13 224
		023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	32 663
	9		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	20 083
		451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	20 083
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	16 088
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	2 501
		021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	400
		050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	1 094
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	44 049
	1		Тұрғын үй шаруашылығы	18 320
		458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	4 200
		003	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	200
		004	Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету	4 000

	466	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	14 120
	003	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	14 120
2		Коммуналдық шаруашылық	1 230
	466	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	1 230
	058	Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	1 230
3		Елді-мекендерді көркейту	24 499
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	9 599
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	4 138
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	5 461
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	14 900
	016	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	4 400
	018	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	10 500
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	368 597
1		Мәдениет саласындағы қызмет	189 866
	457	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	189 866
	003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	189 866
2		Спорт	32 524
	457	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	32 524
	009	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	32 524
3		Ақпараттық кеңістік	93 245
	456	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	14 068
	002	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	14 068
	457	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	79 177
	006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	78 417
	007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	760
9		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	52 962
	456	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	39 688
	001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	15 002
	003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	24 686
	457	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	13 274
	001	Жергілікті деңгейде мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	13 274

10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	120 292
	1		Ауыл шаруашылығы	74 182
		473	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	74 182
		001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11 961
		005	Мал көмінділерінің (биотермиялық шұңқырлардың) жұмыс істеуін қамтамасыз ету	3 000
		006	Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру	2 410
		007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	1 249
		010	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	942
		011	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	49 120
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	3 000
		047	Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	2 500
	6		Жер қатынастары	14 031
		463	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	14 031
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14 031
	9		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	32 079
		459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	32 079
		099	Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	32 079
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	23 818
	2		Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	23 818
		466	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	23 818
		001	Құрылыс, облыс қалаларының, аудандарының және елді мекендерінің сәулеттік бейнесін жақсарту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағын оңтайла және тиімді қала құрылыстық игеруді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	15 935
		013	Аудан аумағында қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын, аудандық (облыстық) маңызы бар қалалардың, кенттердің және өзге де ауылдық елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	7 883
12			Көлік және коммуникация	28 393
	1		Автомобиль көлігі	28 393
		458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	28 393
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	28 393
13			Басқалар	44 688
	9		Басқалар	44 688
		123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	3 860

			040	Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	3 860	
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	40 828	
			012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	2 000	
			026	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	35 952	
			066	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысын көтеруге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	2 876	
14				Борышқа қызмет көрсету	0	
	1			Борышқа қызмет көрсету	0	
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	0	
			021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	0	
15				Трансферттер	335 309	
	1			Трансферттер	335 309	
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	335 309	
			006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	392	
			024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	139 675	
			038	Субвенциялар	187 742	
			051	Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттер	7 500	
				3) Таза бюджеттік кредиттеу	36 250	
				Бюджеттік кредиттер	71 962	
10				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	71 962	
	9			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер	71 962	
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	71 962	
			018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	71 962	
Санаты						Сомасы , мың теңге
Сыныбы						
Ішкі сыныбы						
Атауы						
1	2	3	4	5	6	
5				Бюджеттік кредиттерді өтеу	35 712	
		01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	35 712	
		1		Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	35 712	
				4) Қаржы активтері мен операциялар бойынша сальдо	0	
Функционалдық топ						

Функционалдық кіші топ					Сомасы
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				, мың
	Бюджеттік бағдарлама				Теңге
	Атауы				
1	2	3	4	5	6
				Қаржы активтерін сатып алу	0
13				Басқалар	0
	9			Басқалар	0
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	0
			065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	0
Санаты					Сомасы , мың теңге
	Сыныбы				
	Ішкі сыныбы				
	Ерекшелігі				
				Атауы	
1	2	3	4	5	6
6				Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
	01			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		1		Қаржы активтерін ел ішінде сатудан түсетін түсімдер	0
				5) Бюджет тапшылығы (профициті)	-44 325
				6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	44 325
7				Қарыздар түсімдері	71 962
	01			Мемлекеттік ішкі қарыздар	71 962
		2		Қарыз алу келісім-шарттары	71 962
Функционалдық топ					Сомасы , мың теңге
	Функционалдық кіші топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
	Бюджеттік бағдарлама				
				Атауы	
1	2	3	4	5	6
16				Қарыздарды өтеу	35 712
	1			Қарыздарды өтеу	35 712
		459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	35 712
			005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	35 712
Санаты					Сомасы , мың теңге
	Сыныбы				
	Ішкі сыныбы				
	Ерекшелігі				
				Атауы	
1	2	3	4	5	6
8				Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	8 075

01		Бюджет қаражаты қалдықтары	8 075
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	8 075

Қаратөбе аудандық
мәслихатының 2019 жылғы
7 маусымдағы № 31-2 шешіміне
2-қосымша

Қаратөбе аудандық
мәслихатының 2018 жылғы
21 желтоқсандағы № 24-4
шешіміне 5-қосымша

2019 жылға арналған Қаратөбе ауданы бойынша ауылдық округтер әкімі аппаратының бюджеттік бағдарламаларының тізбесі

№	Ауылдық округтер атауы	001 "Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер"	002 "Шұғыл жағдайларда сырқаты ауыр адамдарды дәрігерлік көмек көрсететін ең жақын денсаулық сақтау ұйымына дейін жеткізуді ұйымдастыру"	005 "Ауылдық жерлерде балаларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру"	007 "Аудандық маңызы бар қаланың, кенттік, ауылдық, ауылдық округтік мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру"	008 "Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру"	011 "Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру"	013 "Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету"
1	Аққозы ауылдық округі	15789	58			499	5461	
2	Егіндікөл ауылдық округі	19202	65			764		
3	Жусандой ауылдық округі	17434	35			620		
4	Қаракөл ауылдық округі	19370	70			600		
5	Қоскөл ауылдық округі	15326	71			915		
6	Саралжын ауылдық округі	18850	70			740		
	Жиыны:	105971	369	0	0	4138	5461	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК